

**Музыка жетекшісінің 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**  
Білім беру үйімі : ЖШС "iBala" балабақшасы  
Топ: «Солнышко» ортаңғы топ  
Балалардың жасы: **3-4 жас.**  
Жоспардың құрылу кезеңі: **қазан айы, 2024-2025 оқу жылы.**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Қазан	Музыка	<ul style="list-style-type: none"><li>- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауга шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;</li><li>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;</li><li>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу;</li></ul> <p><b>Музыка тыңдау.</b> Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажыраты білу.</p> <p><b>Ән айту.</b> Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғагына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктең отырып, ересекпен қосылып ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғактық қимылдар.</b> Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шенбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p>